

Арал қаласындағы жекелеген көшелерге атау беру және атауларын өзгерту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал қаласы әкімінің 2008 жылғы 25 тамыздағы N 535 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 қыркүйекте N 10-3-123 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал қаласы әкімінің 2012 жылғы 18 қазандағы N 531 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал қаласы әкімінің 2012.10.18 N 531 шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабының 4-тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудан әкімі жанындағы аудандық ономастикалық комиссияның 2007 жылғы 14 наурыздағы N 1 хаттамасына және ономастикалық комиссияның 2007 жылғы 14 наурыздағы N 1 шешімін жүзеге асыру мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. Арал қаласындағы жекелеген көшелерге: Мағжан Жұмабаев көшесіне әскери бөлім жағынан тігінен қиылысатын (N 62 орта мектептен батысқа қарай) алты көшеге Кеңес Омаров, Қуатжан Досжанов, Мұрат Шалабаев, Әлмұрат Лепесов, Махамбетәлі Ешниязов, Төкеш Тәжігүлов атаулары; Тайыр Жароков көшесіне қанаттас, батыс жағындағы екі көшеге Бегім-Ана, Қалдыбайұлы Әл-Мұхаммед (Қарамолла) атаулары; Бауыржан Момышұлы көшесінің соңғы батыс жағындағы екі көшеге Шақпақ Артықбаев, Алтыбай Құмаров атаулары; Бақтыбай батыр көшесінің соңғы батыс жағындағы екі көшеге Байқоңыр, Кіші Арал атаулары; Тоқтар Әубәкіров көшесіне қанаттас солтүстік-батыс жағындағы көшеге Бекұзақ Тәңірбергенов атауы; Суворов көшесінің батыс бөлігіне қанаттас көшеге Байжан Бижанов атауы берілсін.

2. Арал қаласындағы Грибоедов тұйығы Жағал Таушанов көшесі; Зейнолла Шүкіров тұйығы Жарасқан Әбдірашұлы көшесі; Алтықұдық тұйығы Мешітбай Құттықов көшесі; Бауыржан Момышұлы тұйығы Төлеген Әлімбетов көшесі; Андреев көшесі Мүбәрәк Рысқұлов көшесі; Орджиникидзе көшесі Жылқайдар Дошниязов көшесі; Ә.Медетбаев көшесі Әуелбек Төлегенұлы көшесі

атауларымен

өзгертілсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді және 2007 жылғы 21 сәуірде пайда болған қарым-қатынастарға таралады.

Арал қаласының әкімі

А. Үмбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК